

Акимов В.В. экономика ғылымының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы  
КАТУ-дың «Кадастр» кафедрасының профессоры.

## **МЕНИҢ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҒЫМ**

Бүгін түлектер болашақ мамандығы туралы көп ойлайды, бірақ ең маңыздысы ол - қателеспеу. Біріншіден - олар ата-ананың ақылың тыңдайды, екіншіден – достарымен ақылдасады, үшіншіден - мамандықтың сұраныс бойынша болашақ мамандығың таңдайды. Менің көп жылдық тәжірибесі бойынша «Кадастр» мамандығы туралы айтқым келеді. Менің ойымша, бүгінгі күнде «Кадастр» өте ағымды және сұранысы көп мамандықтардың бірі. Кадастр ақпараттық жүйесі - мемлекеттік қызметінің прерогативасы. Бұл халықты ақпараттық жүйесімен қолдауы. Кадастрдың тарихы мүлікке салық салумен байланысты. Ең бағалы мүлік ол - жер. Жер мемлекеттік тіркеуге ұшыраған соң, енді меншік ретінде қолданады. Швеция Жер Кодексінде, жердің ең нақты анықтамасы бар. Ол: «Жер - бұл меншік. Басқасы жермен байланысты және оның бөлшектер ретінде саналады».

Жердің бөлшектері: ғимараттар, құрылымдар, көп жылдық өсімдіктер және тағы басқа. Осындай да меншік түсіндірмені Ресей де қабылданды. Кеден одағында: Белоруссия, Ресей, Қазақстан кірді, сол себептен Қазақстанның Швед елінің Жер Кодексі қабылдануы да әбден мүмкін. Бірақ қазір Қазақстанда жер кадастры барлық географиялық және табиғи кадастрының негізі. ҚР-ның Жер Кодексі бойынша, Мемлекеттік Жер Кадастры бірнеше жұмыстарды атқарады. Ол: 1) кадастрының жер телімінің қалыптастыруы, 2) жердің сапасы, 3) жер пайдаланушылардың есебі, 4) жердің бағалуы. Бұл жұмыстары әкімшілік деңгейде жүргізіледі: аудан, аймақ, республика. Автоматты-ақпараттық жүйесі - бұл инновациялық қызмет саласы. Бұл жүйе ақпараттық мәлімет базасымен қамтамасыз етеді, мысалы «электрондық үкімет».

ААЖ МЖК мемлекеттік статистикалық есебімен тікелей байланысы бар. Оның ақпараттық формулярларын жер және жер қатынастары туралы деректермен қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, экономикалық ынталандыруды және жерді пайдалануды жоспарлау үшін негізделген. Жер қатынастары жүйесінен басқа, Сәкен Сейфуллин атындағы Агротехникалық университетінде, Жерге орналастыру факультетінің "Кадастр" кафедрасының мамандыры мен түлектері: су, орман, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қала құрылысы, экологиялық және басқа да табиғи кадастр жұмыстарын жүргізуге кәсіби дайындықтары бар. Кадастр мамандарының дайындық деңгейі бойынша, оларға геодезия, картография және ГАЖ-технологияларының мамандары болып жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Нарықтық ортада, кадастрлық түсірілім саласындағы бастамашылық және міндетті түрде бағалау саласында тізілімдік қызметтерін қолдануға мүмкіндігі бар.

Осылайша, жер кадастры жер саясатының ҚР Үкіметі мен Парламенті үшін іргелі негіз болып табылады. Жер кадастрының болашағы, мемлекеттік

салық-бюджетінің жылжымайтын мүлік жүйесімен бірыңғай байланысты. "Кадастр" кафедрасы, Сәкен Сейфуллин атындағы агротехникалық университеті, жерге орналастыру факультетіндегі 5В090700 - "Кадастр" мамандығына түсуге шақырады. Сонымен қатар, университетте 2 бағытта магистрлік оқу жүргізіледі : ғылыми - педагогикалық (2 жыл) және мамандық бойынша оқыту (1,5 жыл). Қош келдің, Талапкер - 2012!

«Маман» Газеті № 5 (715) 3 ақпан 2012 ж.